

Қазақстан Республикасының  
Әділет Министрлігі  
Қарасай аудандық Әділет  
басқармасы

Заңды тұлғаға мемлекеттік  
тіркеу жүргізілді

2010 ж. « 12 » сәуір  
БСН 050740003177

Қазақстан Республикасы

«18» наурыз 2010 жылы  
жалғыз құрылтайшының  
шешімімен  
БЕКІТІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ҚАРАСАЙ АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЗАНДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК  
ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

2010 ж. « 12 » сәуір  
№ 2027-1907-05-107 куәлік

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ҚАРАСАЙ АУДАНЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

200 10 ж. « 8 » қараша  
Өзгертулер мен толықтырулар  
енгізілген жарғы жарамды

# «АзияАгроФуд» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ



## 1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1.1. «АзияАгроФуд» акционерлік қоғамы (әрі қарай «Акционерлік қоғам», «Қоғам» деп аталады) "АзияАгроФуд" ЖШС-нің құқықтық мұрагері болып табылады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының басқада заң актілерінің және осы Жарғының негізінде әрекет етеді.

1.2. Акционерлік қоғамның атауы:

- мемлекеттік тілде толық атауы: «АзияАгроФуд» акционерлік қоғамы, қысқартылған атауы - «АзияАгроФуд» АҚ,
- орыс тілінде толық атауы: Акционерное общество «АзияАгроФуд», қысқартылған атауы — АО «АзияАгроФуд».
- ағылшын тілінде толық атауы: Joint stock company «AsiaAgroFood», қысқартылған атауы - JSC «AsiaAgroFood».

1.3. Акционерлік қоғамның және оның атқарушы органының орналасқан жері (заңды мекен-жайы): Қазақстан Республикасы, 040930, Алматы облысы, Карасай ауданы, Шамалған стансасы, Заводская көшесі, 1.

1.4. Акционерлік қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

## 2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ.

2.1. Қоғам құрылып және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес өзінің қызметін жүзеге асырады.

2.2. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыруға қаржы тарту мақсатында акция шығаратын заңды тұлғаны мойындайды.

2.3. Қоғам өзінің акционерлерінің мүлкінен оқшауландырылған мүлікке ие болады. Өзінің акционерлерінің міндеттемелеріне Қоғам жауапты емес.

2.4. Қоғам өзінің мүліктік мүмкіншілік шеңберінде өз міндеттемелеріне жауаптылығын мойындайды.

2.5. Акционер Қоғамның міндеттемесі бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акцияларды құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты туындайтын шығындарға тәуекел етеді.

## 3-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ.

3.1. **Қызмет мақсаты.** Қоғам қызметінің мақсаты таза табыс табу және оны өндірісті дамытуға және Акционерлер мүдделерінде пайдалану болып табылады.

3.2. **Қызмет түрлері.** Қоғам осы мақсатқа жету үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасына қайшы келмейтін кез келген қызмет түрлерімен айналыса алады. Міндетті түрде лицензиялауға жататын іс-әрекет түрлерімен Қоғам тек лицензияға ие болған күнде ғана айналыса алады.

## 4-ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ.

4.1. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) олардың номиналдық құны бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша акцияларды төлеуі арқылы құралады.

4.2. Қоғамның Жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

## 5-БАП. АКЦИЯЛАР.

5.1. Қоғам жай акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз формада шығарылады.

5.2. Акция бөлінбейді. Ортақ акцияларға бірнеше тұлға ие болған жағдайда олардың бәрі бір акционер ретінде мойындалады да өздерінің ортақ өкілі арқылы акция куәландыратын құқықтарға ие болады.

5.3. Егерде акциялардың бір түрі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқаша көрсетілмесе, оның иесіне акциялардың осы түрін иеленетін басқада иеленушілер сияқты көлемдегі құқықтарды бірдей береді.

**5.4. Қоғамның бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқығы.**

5.4.1. Егер Қоғамның жария етілген қоғамның жай акцияларын айналымға шығару, сонымен қатар ертеректе сатылып алынған бағалы қағаздарды сату ниеті болса, ол жайында шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күннің ішінде өзінің акционерлерін жазбаша түрде немесе бұқаралық ақпарат

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ҚАРАСАЙ АУДАНЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫНДА  
ТЕКСЕРІЛДІ



құралдарында орналастырылған (сатылған) бағамен тең жағдайда оларға тиесілі акциялардың санына сәйкес сатып алуды ұсынуы керек. Акционер қоғамның акцияларды орналастырмақ (сатпақ) ниетінен хабардар болған жағдайда жария етілген күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде қоғамның акцияларын артықшылық құқықпен сатып алуға өтініш беруі керек.

5.4.2. Қоғам акционерлерінің бағалы қағаздарды артықшылық құқығымен сатып алу тәртібін құзыретті органымен белгіленеді.

#### **5.5. Қоғамның акцияларын орналастыру.**

5.5.1. Қоғам өзінің акцияларын жарияланған акциялар санына сәйкес бір немесе бірнеше орналастырым арқылы жарияланған акциялардың мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін орналастыруға құқылы.

Жарияланған акциялар санына сәйкес қоғамның акцияларын орналастыру туралы шешім қоғамның директорлар кеңесінде қабылданады.

Акцияларды орналастыру бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында жазылу немесе аукцион арқылы не бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион арқылы жүзеге асырылады.

5.5.2. Акционер акцияны иеліктен айыру барысында, артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес оған акцияны сатып алуға өтініш беру үшін берілген 30 (отыз) күннің ішінде, егер акцияның бұрынғы иесі мұндай өтініш бермеген жағдайда, акцияны сатып алу құқығы акцияның жаңа иесіне ауысады.

5.5.3. Жазылу арқылы қоғам орналастыратын акциялар, акцияларды артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес сатып алатын акционерлерді қоспағанда, осы орналастыру шегінде акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірдей сату бағасы бойынша сатылуы тиіс. Акционерлер акцияларды артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген бірыңғай орналастыру бағасы бойынша сатып алады.

5.5.4. Акцияларды орналастыру туралы шешімді қабылдаған қоғамның органың белгілеген акцияларды орналастыру бағасы осы акцияларды сатылуының неғұрлым төменгі бағасы болып табылады.

5.5.5. Қоғамның жария етілген акцияларын орналастыру туралы шешім қабылдауға құзыретті орган орналастырылатын акциялар санын ұлғайту немесе бағасын азайту туралы шешімі осы Жарғының 5.5.1. тармағының ережелерінің ескерілуімен жасалуы керек.

#### **5.6. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізімдерінің жүйесі.**

5.6.1. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізімдерінің жүйесін қоғамның және оның аффилирленген тұлғаларының аффилирленген тұлғасы болып табылмайтын тіркеуші жүзеге асыра алады.

5.6.2. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізімін жүргізу тәртібі, сонымен қатар құзыретті органдарға ақпарат беру Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы Заңнамасында айқындалады.

5.6.3. Қоғамның акцияларының шығарылымдарын мемлекеттік тіркеуден өткізу мақсатында құзыретті органдарға құжат бермес бұрын Қоғам қоғамның тіркеуші қызметімен акция ұстаушылардың тізімдеме жүйесін жүргізу туралы келісім жасасу керек.

5.6.4. Орналастырылатын акциялардың құны толығымен төленбейінше Қоғам акция ұстаушылар тізімдемесін жүргізушілер жүйесіне сатып алушының дербес есеп шотына бұл акцияларды кіргізуге бұйрық бере алмайды.

#### **5.7. Қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есебі.**

5.7.1. Қоғам жария етілген акциялар толық орналасып болғанша немесе орналастырылып болғаннан кейін әрбір 6 (алты) айда орналастырылған өзінің акциялары туралы құзыретті органға есеп беріп отырады (жарты жылдық есеп аяқталғаннан кейін 1 (бір) айдың ішінде).

5.7.2. Акциялардың орналасу қорытындылары бойынша есептердің мазмұны мен реті, сонымен қатар берілген осы есептің қаралуы мен бекітілу тәртібін құзыретті орган анықтайды.

#### **5.8. Қоғамның орналастырылған акцияларын төлеу тәртібі.**

5.8.1. Қоғамның орналастырылатын акциялар құнын өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа ақшаны, мүліктік құқықтарды (оның ішінде зияткерлік меншік нысандарының құқықтарды) және тағы да басқа мүліктерді салуға болады.

5.8.2. Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет жасайтын бағалаушының белгілеген бағасымен ақшадан басқа мүлікпен де төлеуді жүргізуге болады.

5.8.3. Егер орналастырылатын акциялардың құнын өтеу мақсатында мүлікті пайдалану құқықтары енгізілетін болса, бұндай құқықты бағалау мүлікті пайдаланған бүкіл мерзімге шағылған төлем мөлшерімен есептеледі. Көрсетілген мерзім өткенінше Қоғамның жалпы жиналысының келісімінсіз бұндай мүлікті тәркілеуге тыйым салынады.

5.8.4. Қоғамға бағалы қағаздардың бастапқы рыногында өзінің орналасқан жариялымды акцияларын сатып алуына жол берілмейді.





## 6-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

### 6.1. Қоғам акционерлерінің мынадай құқықтары бар:

- 1) Қазақстан Республикасының Заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіпке сәйкес акционер Қоғамды басқаруға қатыса алады;
- 2) дивиденд алу;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Қоғамның Жарғысымен бекітілген тәртіп бойынша қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Қоғамның қаржылық есебі жайында ақпарат алу және онымен танысу;
- 4) Қоғамды тіркеушіден немесе акцияны нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға иелігін растайтын анықтама көшірмелер алу;
- 5) Қоғамның жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсыну;
- 6) Қоғам органдарының қабылдаған шешімдерін сот арқылы даулау;
- 7) Қоғамның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және сұрауына сұрау түскен күннен 30 (отыз) күн ішінде тұжырымды жауап алу;
- 8) Қоғам таралған жағдайда мүлік үлесіне құқылы;
- 9) Қазақстан Республикасының Заңнамасында бекітілген тәртіпке сәйкес Қоғамның акцияларын артықшылықпен сатып алуға;

### 6.2. Сонымен қатар ірі акционер мынадай құқықтарға ие:

- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуға немесе директорлар кеңесі жалпы жиналыс шақырудан бас тартқан жағдайда сот арқылы жиналыс шақыруды талап ету;
- 2) Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысына күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;
- 3) директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап ету;
- 4) Қоғамның аудиттік ұйымынан өз есебінен аудит өткізуді талап ету;

6.3. осы баптың 6.1. және 6.2. пункттерінде бекітілген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол бермейді.

### 6.4. Қоғам акционерінің мынадай міндеттері бар:

- 1) акцияларды төлеу;
- 2) қоғамның акция ұстаушыларының тізімдеме жүйесін жүргізуге қажет мағлұматтардың өзгергені туралы тіркеуші мен нақтылы акция ұстаушыға 10 (он) күннің ішінде ескерту;
- 3) заңмен қорғалған қызметтік, коммерциялық немесе Қоғам және оның әрекеті туралы қандай да болмасын ақпаратты жарияламау;
- 4) Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес басқа міндеттерді атқаруға;

6.5. Осы баптың 6.4. тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды акционер орындамауының салдары үшін Қоғам мен тіркеуші жауап бермейді.

## 7- БАП. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ҚОҒАМНЫҢ ТӨЛЕЙТІН ДИВИДЕНТТЕРІ

7.1. Дивиденді төлеу жөнінде шешім акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның жай акцияларының басым көпшілік дауысымен қабылданған жағдайда, Қоғамның акциясы бойынша дивидендтер ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

7.2. Дивидендтерді Қоғам акцияларымен төлеу тек акционерлердің жазбаша келісімі арқылы Қоғам жарияланған акцияларымен ғана жүзеге асырылады.

7.3. Дивиденд алуға құқылы акционерлердің тізімі дивиденд төлейтін күннен бұрын алдын-ала жасалады.

7.4. Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

7.5. Қоғам акциялары бойынша төленетін дивиденд төлеу жиілігі акциялар шығарылымының проспектісімен анықталады.

7.6. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлем агенттері арқылы жүргізіледі. Төлем агентінің көрсеткен қызметі Қоғамның есебінен төленеді.

7.7. Орналастырылмаған немесе қоғам сатып алмаған акциялар бойынша, сонымен қатар соттың немесе акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамды тарату туралы шешім қабылданған жағдайдағы акцияларға дивиденд есептелмейді және төленбейді.

7.8. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеуге тыйым салынады, егер:

- 1) меншікті капиталдың мөлшері кем жағдайда немесе егер акцияларға есептелген дивидендтерді төлеуден кейін бұл меншіктегі капитал мөлшерін кемітуге әкеліп соқтырса;
- 2) егер Қоғамның төлемді өтей алмайтындай белгілері байқалса немесе Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем өтеуге қабілетсіздігін байқатса.





7.9. Акционер Қоғамның борышты болған мерзімімен санаспай бұрын төленбей қалған дивидендтерін төлеуді талап етуге құқылы.

7.10. Дивидендтер белгіленген мерзімінде төленбеген жағдайда ақшалай міндеттемелер олардың өтейтін күннен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландырылған ставкасы бойынша акционерге негізгі сомамен қоса үстеме төлеуге тиіс.

#### **7.11. Жай акциялар дивидендтері.**

7.11.1. Тоқсан немесе жарты жылдық қорытындылары бойынша қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тек қана акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен ғана жүзеге асырылады. Жалпы жиналыстың жай акциялар бойынша тоқсан немесе жарты жылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияның дивидендтінің мөлшері көрсетіледі.

7.11.2. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданады.

7.11.3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның белгілі органдары 10 (он) жұмыс күн көлемінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялағаннан кейін жай акциялар бойынша дивидендтер төленбейтіні туралы шешім шығаруға құқылы.

7.11.4. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешім шығарылғаннан күннен бастап 10 (он) жұмыс күн мерзімінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы керек. Сонымен қатар, қоғам бұл шешімді өзінің корпоративтік веб-сайтында жариялауға тиіс.

7.11.5. Қоғамның жай акциялары бойынша төленетін дивидендтер туралы шешім төмендегі мәліметтерді қамтуы керек:

- 1) қоғамның атауын, орналасқан орнын, банктік және басқа да реквизиттерін;
- 2) дивиденд төленетін мерзімді;
- 3) бір жай акцияға шағылған дивиденд мөлшері;
- 4) дивиденд төлеуді бастау мерзімін;
- 5) дивиденд төлеудің нысаны мен белгілі тәртібін.

### **8-БАП. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ.**

8.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқару органы - алқалы атқарушы орган (Басқарма) немесе атқарушы орган қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлға (Басқарма төрағасы);
- 4) бақылау органы – Ішкі аудит қызметі.

### **9-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ.**

9.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

9.2. Қоғам жылда акционерлердің жалпы жылдық жиналысын өткізіп тұруы керек. Акционерлердің басқа жиналыстары кезектен тыс болып есептеледі.

9.3. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысы акция ұстаушылардың тізілім жүйесі жасалып, жарияланылған шығарылымдағы акциялар мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін шақырылып өткізілуі мүмкін.

#### **9.4. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:**

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі;
- 2) Қоғамның бір жай акциясына шағылған дивиденд мөлшері мен Қоғамның өткен қаржылық жылының таза табысын бөлу тәртібі анықталады;
- 3) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының қызметі бойынша акционерлердің сұраулары, сонымен бірге оның қарастыру нәтижелері қарастырылады.


9.5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіретін басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

9.6. Қаржылық жыл өткеннен соң 5 (бес) ай ішінде акционерлердің жалпы жылдық жиналысы міндетті түрде өткізілуі керек. Қоғамның есептік мерзімінде аудитін өткізіп аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін созылған болып табылады.

#### **9.6. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті.**

Төмендегі мәселелер акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу және оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар қоғамның жарғысында осы кодексті қабылдау қарастырылса, оған да өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;





- 4) Қоғамның орналастырылмаған жарияланымдағы акциялар түрін өзгерту немесе қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту туралы шешім қабылдау;
- 5) есептеу комиссиясының құзыреттілік мерзімін және сандық құрамын анықтау, олардың құзыреттілігін мерзімінен бұрын тоқтату және оның құрам мүшелерін сайлау;
- 6) директорлар кеңесінің сандық құрамын, оның құзыреттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және оның құзыреттілігін мерзімінен бұрын тоқтатумен қатар директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақының мөлшері мен шарттарын анықтау;
- 7) Қоғамның аудиттік қызметін жүзеге асыратын аудиттік ұйымды анықтау;
- 8) жылдық қаржылық есепті бекіту;
- 9) қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есеп айрысумен дивиденд мөлшерін бекіту;
- 10) осы Жарғының 7-бабының 7.7. тармағында көзделген кейбір келеңсіз жағдайларда Қоғамның жай акцияларының дивидендтерін төлемеу туралы шешім қабылдауға;
- 11) Қоғамның иелігіндегі барлық активтердің 25 (жиырма бес) немесе одан да көп пайызы сомасында бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне Қоғамның қатысуы;
- 12) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабардар ету нысаны мен сондай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына беру жөнінде шешім қабылдау;
- 13) Қоғам акция сатып алмақ болған жағдайда Заңнамаға сәйкес акциялардың бағасын анықтап беретін әдістерді бекіту;
- 14) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 15) акционерлерге қоғамның қызметі туралы ақпарат жеткізу тәртібі мен ақпарат таратушы құралды анықтау;
- 16) «алтын акцияны» енгізу және жою;
- 17) Заңнамамен, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын өзге мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау.

#### **9.7. Шешім қабылдау тәртібі.**

9.7.1. Осы Жарғының 9.6. тармағының 1), - 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді Қоғамның дауысқа түсетін акциялар санының білікті басым көпшілігімен қабылданады.

9.7.2. Егерде осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгедей көзделмеген болса, Қоғамның дауысқа түсуші акцияларының жалпы санының басым көпшілігіне сәйкес қоғамның түрлі мәселелері бойынша шешімдер акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.

9.7.3. Егерде Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгедей көзделмеген болса, акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдауды, сол мәселелерді басқа органдардың құзыретіне беруге жол берілмейді.

9.7.4. Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының қандай да болмасын шешімдерін акционерлердің жалпы жиналысы өзгерте алады.

#### **9.8. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі.**

9.8.1. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

9.8.2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы төмендегілердің бастамасымен шақырылады:

- 1) директорлар кеңесі;
- 2) ірі акционер;

9.8.3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын Қоғам өз еркімен тарату үстінде болған жағдайда Қоғамның тарату комиссиясы бұл жиналысты шақырып, дайындап және өткізе алады.

9.8.4. Қазақстан Республикасының Заң актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру қарастырылуы мүмкін.

9.8.5. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу төмендегідей жүзеге асырылады:

- 1) атқару органдары;
- 2) келісілген шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі;
- 3) директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы;

9.8.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген кейбір жағдайлардан тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізуге қажет шығындарды Қоғам өз мойнына алады.

9.8.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның органдары акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызына сәйкес шығарылған сот шешімінің негізінде акционерлердің жалпы жиналысы шақырылып өткізілуі мүмкін.

9.8.8. Егерде Қоғамның органдары Қоғамның ірі акционерінің кезектен тыс жалпы жиналысына шақыру туралы талабын орындамаған жағдайда Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы ірі





акционердің сотқа берген талап-арызы бойынша шығарылған сот шешімінің негізінде шақырылып өткізілуі мүмкін.

**9.9. Ірі акционердің ықылас-талабы бойынша шақырылған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу тәртібінің ерекшеліктері.**

9.9.1. Акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс шақыру туралы талап Қоғамның атқарушы органы орналасқан мекен-жайға директорлар кеңесінің атына жазбаша түрде жолданады. Онда сонымен қатар бұндай жиналыстың күн тәртібі қоса көрсетілуі керек.

9.9.2. Директорлар кеңесі аталмыш талапты алғаннан кейін 10 (он) күннің ішінде шешім қабылдап, талапкерге акционерлердің жалпы жиналысының шақырылатыны туралы хабарды жеткізуі керек. Кезектен тыс жалпы жиналыс шақырылатын болған жағдайда директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін маңызды деген мәселелермен толықтыруларына болады.

**9.10. Жалпы жиналыстың өткізілетін мерзімі, уақыты және орны.**

9.10.1. Акционерлердің жалпы жиналысының мерзімі мен өткізілу уақыты сол жиналысқа қатысуға құқылы тұлғалардың неғұрлым көпшілігі қатыса алатындай етіліп белгіленуі керек.

9.10.2. Акционерлердің жалпы жиналысы атқарушы органның орналасқан мекен-жайында өткізілуі керек.

9.10.3. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу және жиналысты бастау уақыты Қоғамның есептік комиссиясымен қатысушыларды тіркеуге, жиналысқа қатысушылардың санын есептеп шығаруға және кворумның қалыптасқанын анықтауға жеткілікті уақытпен қамтамасыз етілгенін ескеруі керек.

**9.11. Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы ақпарат.**

9.11.1. Өткізуге жобаланып отырған жалпы жиналыс туралы акционерлер («алтын акциялар» иелері) жиналыстан 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс берілетін болса – жиналыстан 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын хабардар болуы керек.

9.11.2. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер компания акционерлерінің саны 50 (елу) акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.

9.11.3. Осы баптың 9.11.1-тармағында белгіленгендей мерзім есептеу акционерге («алтын акциялар» иелеріне) жиналыс өткізілетіні туралы жазбаша хат жолданған күннен немесе хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен басталады.

9.11.4. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және басқа тілде басылса, хабарламаның соңғы басылып шыққан күнінен осы баптың 9.11.1. тармағында белгіленген мерзімде есептеу басталады.

9.11.5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама мынадай ақпараттарды қамтуы керек:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен мекен-жайы;
- 2) жиналысты шақыруға ынталы тұлға туралы мәлімет;
- 3) егерде бірінші шақырылған жиналыс өтпей қалған болса, Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысын қайта шақыру керек болған жағдайда жиналыс өтетін мезгілі, уақыты және өткізілетін орны анық көрсетілуі керек;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімің жасау мерзімі
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібімен танысу ережесін реттейтін құжаттар.

9.11.6. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында қоғамның тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы.

9.11.7. Миноритарлық акционердің өтініш беру және қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.

**9.12. Акционерлердің қайта шақырылған жалпы жиналысы.**

9.12.1. Қайта шақырылған акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысынан кейін тек келесі күнге белгіленіп өткізілуі мүмкін.

9.12.2. Акционерлердің қайта шақырылған жалпы жиналысы өтпей қалған жиналыстың орнында өткізілуге міндетті.

9.12.3. Акционерлердің қайта шақырылған жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгертілмеуі керек.

**9.13. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі.**

9.13.1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі қалыптастырады да, күн тәртібінде талқылауға ұсынылатын мәселелерді тұжырымды, нақты етіп белгілейді.

9.13.2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Қоғам акционерлері жалпы жиналыс өткізген күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірмей немесе Жарғының 9.13.5. тармағында белгіленген тәртіпте

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АКТИВТІ АҚПАРАТ ҚОҒАМЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫНДА  
ТЕКСЕРІЛДІ 7



осындай толықтырулар туралы хабар алған жағдайда ірі акционерлермен немесе директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін.

9.13.3. Акционерлердің күндіз өткізу тәртібінде өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде директорлар кеңесі олар күн тәртібін өзгерту туралы алған ұсыныстарын баяндауға міндетті.

9.13.4. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акциялары жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

9.13.5. Күн тәртібіне Қоғамның жиналыста дауысқа түсетін акция иелерінің (немесе олардың өкілдерінің) тоқсан бес пайызы Қоғам жиналысының күн тәртібіне өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізілуіне дауыс берген жағдайда ғана мүмкін болмақ..

9.13.6. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібін сырттай дауысқа салу тәсілімен жүргізсе, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыру енгізуіне болмайды.

9.13.7. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастырып және сол бойынша шешім қабылдауына құқығы жоқ.

9.13.8. Күн тәртібінде «әртүрлі», «өзге», «басқа» және осыларға ұқсас түсініксіз сөздерді қоса алғанда ұғымы кең түсініксіз сөздерді пайдалануға тыйым салынады.

#### **9.14. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі.**

9.14.1. Қоғамның акция ұстаушылар тізілімінің негізіне сүйене отырып акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқықты акционерлердің тізімін тіркеуші жасайды. Тізім жасау мерзімі жалпы жиналыс өткізу туралы қабылданған шешімнен бұрын болмауы керек.

9.14.2. Акционерлердің тізімінде көрсетілетін мәліметтер жиынтығын құзыретті орган анықтайды.

9.14.3. Егерде тізім жасалғаннан кейін акционерлер тізіміне кірген жиналысқа қатысуға құқылы тұлға Қоғамның өзіне тиесілі акцияларын иелігінен шығарған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңадан кірген акционерге ауысады. Бұл жағдайда жаңа акционер акцияларға иелік құқығын айғақтайтын құжаттарды көрсетуі керек.

#### **9.15. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы.**

9.15.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жиналысқа қатысуға құқылы акционерлерді немесе олардың өкілдерін тіркеуден өткізуді аяқтаған сәтте қоғамның дауысқа түсетін акцияларының саны бірге алғанда елу пайызға және одан да көп жағдайда күн тәртібіне қатысты мәселелерді қарастыруға және шешім қабылдауға құқылы.

9.15.2. Өтпей қалған акционерлердің жалпы жиналысының орнына қайта шақырылған жалпы жиналыс мынадай жағдайда күн тәртібіне қатысты мәселелерді қарастырып және сол бойынша шешім қабылдай алады:

1) егер кворумның жоктығынан өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) сырттай дауыс беретін акционерлерді қосқанда, Қоғамның дауысқа түсетін акцияларының бірге алғандағы 40 (қырық) пайызына ие болған акционерлер (немесе олардың өкілдері) жиналысқа тіркеу жұмыстары аяқталған сәтте тіркелген болса.

9.15.3. Қайта құру және инвестициялық жекеше қорды қайта тіркеуден өткізу барысында құрылған Қоғам акционерлерінің қайта шақырылған жалпы жиналысы жиналысқа қатысуға құқылы тіркелген 500 (бес жүзден) кем емес акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелген болса, күн тәртібіне қатысты мәселелерді қарастыруға және сол бойынша шешім қабылдауға құқылы.

9.15.4. Егер акционерлерге сырттай дауыс беретін бюллетендер таратылса, жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде бюллетендерде көрсетілген және соның нәтижесінде дауыс көпшілігіне қол жеткізген жағдайда дауыстар кворумды анықтап және сайлау қорытындысын шығарғанда есепке алынады.

9.15.5. Егер акционерлердің жалпы жиналысында сырттай сайлау нәтижесінде кворум жиналмаған күнде акционерлердің жалпы жиналысы қайта шақырылмайды.

9.15.6. Акционер өзі немесе өзінің өкілі арқылы акционерлердің жалпы жиналысында қатыса алады және оданда қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс бере алады.

9.15.7. Қоғамның атқарушы органның мүшелері (атқарушы органның қызметін жалғыз жүргізетін тұлға) акционерлер жалпы жиналысында акционерлер өкілі ретінде қатысуға құқығы жоқ.

9.15.8. Акционерлер өкілі қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде жүзеге асырады.

9.15.9. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасына және шартқа сәйкес акционер атынан оның мүддесін білдіруге сенімхатсіз жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалар акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылатын сұрақтары бойынша қатысуға және дауыс беруге сенімхат керек емес.





### **9.16. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі.**

9.16.1. Қоғамның ішкі қызметін, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның жарғысы және басқа да құжаттарына сәйкес немесе акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен реттеліп, анықталады.

9.16.2. Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлерді (немесе олардың өкілдерін) толық тіркеуден өткізгеннен кейін басталады. Акционердің өкілі 9.15.9 пунктінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, оның жиналысқа қатысуына және акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құзыреттілігін дәлелдейтін сенімхат тапсыруы керек.

9.16.3. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворум анықтағанда есепке алынбайды және дауыс беруге құқысы жоқ.

9.16.4. Акционерлердің бетпе-бет өткізіліп жатқан жиналысында шақырусыз келген бөгде адамдардың да жиналыс шешімі бойынша қатысуларына болады. Ол адамдардың акционерлер жиналысында сөз сөйлеу құқығы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітіледі.

9.16.5. Акционерлердің жалпы жиналысы белгіленген уақытта және кворум болған жағдайда ғана ашылады.

9.16.7. Акционерлердің жалпы жиналысының ашылу мезгілін акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналысты ашу мезгілін өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайда ғана өзгертіп, бұрын белгіленген уақыттан бұрын ашу мүмкін.

9.16.8. Акционерлердің жалпы жиналысы жиналыстың басқарушысын (президиум) және жалпы жиналыстың хатшысын тағайындайды.

9.16.9. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын ашық немесе құпия түрін (бюллетендер бойынша) анықтайды. Жиналыс төрағасын (президиум) және жалпы жиналыс хатшысын сайлағанда әрбір акционер 1 (бір) ғана дауысқа ие, ал шешім жиналысқа қатысушылар санының көпшілігімен қабылданады. Акционерлер жиналысында қатысушылардың барлығы атқарушы органдардан болған жағдайдан тыс акционерлердің жалпы жиналысын атқарушы органдар мүшелері басқара алмайды.

9.16.10. Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыс төрағасы талқыланып жатқан мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы ұсыныс енгізуге, сонымен қатар сол мәселе бойынша дауыс беру тәсілін өзгертуге құқылы.

9.16.11. Жиналыс төрағасы қарастырылып жатқан мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылғаннан кейін немесе жарыссөздер акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзатын болмаса, күн тәртібіне кірген мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі жасамауы керек.

9.16.12. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмыстарын тоқтату туралы шешім қабылдауға, жұмыс барысының ұзартылуына, сонымен қатар кейбір мәселелерді акционерлер жиналысының келесі күнгі күн тәртібіне ауыстыруға құқылы.

9.16.13. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілген мәселелердің бәрін түгел қарастырып және сол бойынша шешім қабылдаған жағдайда ғана жабық деп жарияланады.

9.16.14. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жиналыс хаттамасында көрсетілген мәліметтердің мазмұндылығы мен шынайылығына жауап береді.

### **9.17. Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысында шешім қабылдау.**

9.17.1. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру арқылы да шешімдер қабылдана береді. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлермен қоса сырттай дауыс беру арқылы да (аралас дауыс) немесе акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ жүзеге асыруға болады.


9.17.2. Сырттай дауыс берген жағдайда акционерлер тізіміне іліккендерге бірыңғай формадағы сайлау бюллетендері таратылып беріледі.

9.17.3. Акционерлердің жалпы жиналысының сайлау нәтижесіне ықпал ету мақсатында Қоғам жеке акционерлерге талғап бюллетень таратуға хақысы жоқ.

9.17.4. Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланғаннан кейін 45 (қырық бес) күннен қалдырмай акционерлердің тізіміне кірген тұлғаларға сайлау бюллетендері жолдануы керек. Акционерлердің жалпы жиналысынсыз сайлау сырттай жүргізілетін жағдайда акционерлер саны 500 (бес жүзден) асатын болса, жарғыға сәйкес сырттай дауыс беру бюллетені мен акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

9.17.5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде мыналар көрсетілуі керек:

- 1) Қоғамның толық атауы және атқарушы органның орналасқан мекен - жайы;
- 2) жиналыс шақыруға ынталы тұлға жөніндегі мәліметтер;
- 3) сырттай сайлауға арналған бюллетендерді ұсыну мезгілінің шешімді мерзімі;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізбеген жағдайда сырттай сайлау қорытындысын шығаратын мерзімді немесе акционерлердің жалпы жиналыс өткізетін белгіленген күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;





6) егер күн тәртібінде директорлар кеңесіне мүше тағайындау мәселесі болса, ұсынылатын үміткерлердің аты-жөні,

7) дауысқа түсетін мәселелердің тұжырымы;

8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерін берілетін «ия», «қарсымын», «қалыс қалдым» деген дауыс нұсқалары;

9) күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша дауыс беру (бюллетень толтыру) ережелерін түсіндіру.

9.17.6. Сырттай сайлау бюллетендеріне жеке бас куәлігінің деректері көрсетіліп жеке тұлға болып табылатын акционердің қолы қойылуы керек.

9.17.7. Заңды тұлға болып табылатын акционер дауыс беруге арналған бюллетенде заңды тұлғаның жеке қолтаңбасы мен заңды тұлғаның мөрі болуы керек;

9.17.8. Заңды тұлға болып табылатын акционердің немесе заңды тұлға болып табылатын басшының қолтаңбасы, сонымен қатар заңды тұлғаның мөрі басылмаған бюллетень жарамсыз болып табылады;

9.17.9. Дауыс санын есептеп шығарғанда бюллетенде көрсетілген сұрақ нұсқаларының біреуіне ғана жауап берілсе, дауыс беру тәртібі сақталған бюллетендердің ғана саны есепке алынады.

9.17.10. Егер акционерлердің жалпы жиналысында директорлар кеңесіне мүше сайлау мәселесі кірсе, сырттай дауыс беру бюллетендерінде жеке үміткерлерге берілген дауыстарды есепке алу үшін орын (азат жол) қалдырылуы керек.

9.17.11. Егер сырттай дауыс берген акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, аралас сайлау әдісімен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түскен дауыстар санын есептегенде және акционерлердің жалпы жиналысының кворумын шығарғанда оның дауысы есепке алынбайды.

### **9.18. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру.**

9.18.1. Төмендегі жағдайлардан басқа акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады;

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделгендей акционерге берілетін бір дауыстан артық шектеу;

2) директорлар кеңесіне мүше сайлағанда кумулятивті түрде дауыс беру;

3) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында рәсімдік мәселелер бойынша жиналыста дауыс беруге құқылы әрбір акционерге мүмкіндік жасау;

9.18.2. Кумулятивті түрде дауыс берген жағдайда акциялар бойынша берілетін дауыстар директорлар кеңесіне ұсынылған бір үміткерге берілуі мүмкін немесе директорлар кеңесіне ұсынылған бірнеше үміткерлерге бөлініп берілуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланған болып ең көп дауыс санына ие болған үміткер есептеледі.

9.18.3. Егерде акционерлердің бетпе-бет өткізіліп жатқан жалпы жиналысында дауыс беру жасырын түрде жүргізілсе, сайлаудың мұндай түріне арналған бюллетендер (бұдан әрі осы бапта – бетпе-бет жүргізілген жасырын дауыс беруге арналған бюллетендер) әрбір мәселеге жеке жасалуы керек. Оның ішінде бетпе-бет жасырын сайлау бюллетенінде мыналар қамтылуы керек:

1) жиналыстың күн тәртібінде мәселенің тұжырымы немесе оның күн тәртібіндегі реттік саны;

2) Қоғам органына сайланатын әрбір үміткерге берілетін дауыс нұсқалары «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деген нұсқада берілуі керек;

3) акционердің үлесіне тиген дауыс саны;

9.18.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қойылмаған күнде, акционер бюллетенге өзінің қолтаңбасын өз еркімен қоймақшы болмаса, бетпе-бет жасырын сайлау бюллетендеріне акционердің қолы қойылмайды.

9.18.5. Бетпе-бет жасырын дауыс беру барысында дауыс санын есептегенде тек дауыс беру ережелерін сақтаған және дауыс берудің 1 (бір) ғана нұсқасын пайдаланған дауыс берушілердің бюллетендері есепке кіреді.

### **9.19. Дауыс беру қорытындысының хаттамасы.**

9.19.1. Есептеу комиссиясы сайлаудың нәтижесі бойынша хаттама дайындап, оны ресімдейді.

9.19.2. Дауысқа түскен мәселе бойынша акционердің әлдебір ерекше пікірі болған жағдайда Қоғамның есептеу комиссиясы хаттамаға керекті мағлұматты кіргізуге міндетті

9.19.3. Сайлау нәтижелерінің қорытындысы бойынша хаттама дайындалып, тиісті қолдар қойылғаннан кейін бетпе-бет жасырын дауысқа және сырттай дауысқа арналып толтырылған бюллетендер (оның ішінде іске жарамай қалған бюллетендер), жасалған хаттамалар негізінде хаттамалар мен қоса іске тігіліп Қоғамның мұрағатына сақтауға тапсырылады.

9.19.4. Сайлау қорытындысы бойынша жасалған хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тігіледі.

9.19.5. Акционерлердің жалпы жиналысында жүргізілген сайлау нәтижесінің қорытындысы акционерлердің жиналысында жалпыға хабарланады.

9.19.6. Акционерлердің жалпы жиналысының қорытындысы немесе сырттай сайлау нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланым арқылы немесе акционерлік жалпы жиналыс жабық





деп жарияланғаннан соң он күн ішінде жазбаша хабарландыру арқылы әрбір акционерге жеткізілуі тиіс.

#### **9.20. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы.**

9.20.1. Жиналыс аяқталғаннан кейін үш жұмыс күнінің көлемінде акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жасалып ресімделіп болы керек

9.20.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілетін мағлұматтар:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан мекен- жайы;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысының мерзімі, уақыты және өткізілетін орыны;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауысқа түскен акциялар саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртіптері;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы(президиум) және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылардың сөйлеген сөздері;
- 9) акционерлердің жалпы жиналысының дауысқа қойылған күн тәртібіндегі әрбір сұрағы бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 10) дауысқа түскен мәселелер және солар бойынша сайлау нәтижелері;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

Жалпы жиналыста қоғамның директорлар кеңесін (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында: директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

9.20.3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қолдарын қоюға жататын тұлғалар:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы және төрағасы президиум мүшелері);
- 2) есептеу комиссиясының мүшелері;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы, қоғамның дауысқа түсе алатын акцияларының 10 (он) немесе одан да көп айызына ие акционерлер.

9.20.4. Егер хаттамаға қол қоюға міндетті адам болмай қалған жағдайда, хаттамаға қолында сенім хаты бар оның өкілі қолын қоя алады.

9.20.5. Осы баптың 9.20.3. тармағында көрсетілгендей, кімде кім хаттаманың мазмұнымен келіспесе, хаттамаға қол қоюдан бас тарта алады. Себебі көрсетілген жазбаша түсінік хаты хаттамаға қоса тігіледі.

9.20.6. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасымен бірге сайлау хаттамасымен, жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс берге құқық беретін сенімхаттар, қолдары қойылған хаттамалар, қол қоюдан бас тартқан тұлғалардың жазбаша түсінік хаттары қоса тігіледі. Аталған құжаттарды атқарушы орган сақтап және талап еткен акционерге танысу үшін кез келген уақытта беріп отыруы керек. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі акционердің талабы бойынша қолына тапсырылуы керек.

### **10-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ.**

10.1. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен бекітілген акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретімен шешілетін мәселелерге жатқызылған жағдайда Қоғамның қызметін басқарады.

10.2. Директорлар кеңесінің акционерлерінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның қызметтік әрекетінің тың бағыттарын анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялар (сатылған) мөлшеріндегі орналастырылатын акциялар санын анықтап, олардың орналастырылуы (сатылуы) туралы, сонымен қатар олардың орналастыру (сату) бағасын анықтап және орналастыру( сату) тәсілін анықтап шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акциялары мен басқа да бағалы қағаздарын сатып алу және олардың бағасын анықтау жөніндегі шешімдерді қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын – ала бекіту;
- 6) Қоғамның облигациялары мен өндірілетін бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау өткен қаржылық есеп бойынша төленетін дивидендтерді есептемегенде, бір жай акцияның үлес салмағын анықтау және жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау;
- 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
- 8) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату;





- 9) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлық ақыларын мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйақы төле талаптарын айқындау;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 11) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қоғамның өкілдіктерін және филиалдарын құру және жабу туралы шешім қабылдау мен олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 15) Қоғамның өзінің меншігіндегі он және одан да көп пайыз мөлшеріндегі капитал бойынша міндеттемелерді өсіру;
- 16) қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шартты бұзған жағдайда Қоғам тіркеушісін таңдау;
- 17) қызметтік құпияны немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 18) жасалуына Қоғам мүдделілік танытқан ірі мәмілелер мен мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер.
- 10.3. Осы баптың 10.2. тармағында белгіленген мәселелер тізбесі Қоғамның атқарушы органының шешілуіне берілуі мүмкін емес.

10.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес директорлар кеңесі Қоғамның атқарушы органының құзыретіне жататын мәселелер бойынша, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешім қабылдауына құқығы жоқ.

10.5. Директорлар кеңесінің шешімі «алтын акцияның» иесімен veto құқығы көзделген сұрақтар бойынша келісім жүргізуге қажетті.

#### **10.6. Директорлар кеңесінің құрамы.**

10.6.1. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

10.6.2. директорлар кеңесінің мүшелері төмендегі аталғандардан сайланады:

- 1) жеке тұлға болып табылатын акционерлер;
- 2) директорлар кеңесіне сайлануға акционерлердің мүддесін қорғай алатын жеке тұлғалар ұсынылады (нұсқаланады);
- 3) (осы пункттің 10.6.5. тармағында бекітілген шектеуді ескере отырып) басқа да жеке тұлғалар.

10.6.3. Директорлар кеңесінің мүшелері кумулятивті түрде дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша өз дауысын толығымен 1 (бір) үміткерге немесе директорлар кеңесіне мүшелікке ұсынылған бірнеше үміткерлерге бөліп беруге құқылы. Негұрлым көп дауыс жинаған үміткерлер директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егерде 2 (екі) немесе одан да көп үміткерлердің жинаған дауыстары тең болған жағдайда бұл үміткерлерге қатысты сайлау қайта жүргізіледі.

10.6.4. Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қоғамның акционері емес және акционердің мүддесін қорғайтын тұлға ретінде ұсынылмаған (нұсқалмаған) жеке тұлға сайлана алады. Бұндай тұлғалардың саны директорлар кеңесінің құрамының 50 (елу) пайызынан аспауы керек.

10.6.5. Атқарушы органның басшысынан (Басқарма Төрағасынан) басқа мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы (Басқарма Төрағасы) директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

10.6.6 Директорлар кеңесінің мүшелер саны 3 (үш) адамнан кем болмауы керек. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерінің 1/3 (үштен бірі) тәуелсіз директорлар болуы қажет.

10.6.7. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қоғамның осы жарғысында бекітіледі.

#### **10.7. Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттілік мерзімі.**

10.7.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқадай баптар қарастырылмаса, директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалардың шектеусіз дауысқа түсуіне рұқсат етіледі.

10.7.2. Директорлар кеңесінің құзыреттілік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді.

10.7.3. Директорлар кеңесінің құзыреттілігі директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланатын акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген сәтте тоқтатылады.





10.7.4. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің құзыреттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

10.7.5. Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттілігін мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша түрде өз іктиярымен берілген хабарландыруы негізінде жүзеге асырылады.

10.7.6. Директорлар кеңесінің атына аталмыш хабарландыру түскен бойда директорлар кеңесінің бұндай мүшесінің құзыреттілігі қолма-қол тоқтатылады.

10.7.7. Директорлар кеңесі мүшесінің құзыреттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау кумулятивті түрде дауыс беру арқылы жүзеге асырылады және директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшенің құзыреттілігі директорлар кеңесінің тұтас құрамының құзыреттілік мерзімі өткенде қоса тоқтатылады.

#### **10.8. Директорлар кеңесінің төрағасы.**

10.8.1. Директорлар кеңесінің төрағасы акционерлердің жалпы жиналысында қатысып отырған мүшелерінің дауыс үлесінің басым көпшілігімен сайланады.

10.8.2. Директорлар кеңесінің төрағаны қайта сайлауға құқығы жоқ.

10.8.3. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырып, оның отырыстарын басқарады сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталғандай басқа да функцияларды жүзеге асырады.

10.8.4. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда директорлар кеңесі мүшелерінің шешімімен төрағаның функциясын директорлар кеңесінің кез келген мүшесі жүзеге асырады.

#### **10.9. Директорлар кеңесінің отырысына шақыру.**

10.9.1. Директорлар кеңесінің отырысы атқарушы органның немесе төрағаның талабымен шақырылуы мүмкін:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметі;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйым;
- 4) ірі акционер.

10.9.2. Директорлар кеңесінің отырысын ұйымдастыру жөніндегі талап директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібінің мазмұнын ұсынған жазбаша хабарландыруды табыс ету арқылы жасалады.

10.9.3. Отырыс шақыруға директорлар кеңесінің төрағасы қарсылық білдірген болса отырысқа ынталы тұлға аталмыш талаппен атқарушы органға шығуға құқылы. Атқарушы орган директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

10.9.4. Директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган отырыс шақыру туралы талап түскеннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей отырыс шақыруы керек.

10.9.5. Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талаптарды ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып жүргізіледі.

10.9.6. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібін - директорлар кеңесі айқындайды.

10.9.7. Директорлар кеңесінің отырысы туралы хабарландыруда отырыстың өтетін мезгілі, уақыты, және өткізілетін орнымен бірге күн тәртібі қоса қамтылуы керек.

10.9.8. Директорлар кеңесінің кеңеске қатысуға мүмкіншілігі жоқ болған жағдайда атқарушы органға өзінің отырысқа қатыса алмайтындығын алдын-ала хабарлауы керек.

#### **10.10. Директорлар кеңесінің отырысы.**

10.10.1. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге қажет кворум саны директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауы керек.

10.10.2. Егерде директорлар кеңесі мүшелерінің жарғымен айқындалған саны кворум құрауға жеткіліксіз болса, директорлар кеңесі кеңестің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің осындай жалпы кезектен тыс жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

10.10.3. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 1 (бір) ғана дауыс бере алады. Қазақстан Республикасының заңнамасында басқадай жағдайлар қарастырылмаса, директорлар кеңесінің шешімдері осы отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің дауыстарының басым көпшілігімен қабылданады.

10.10.4. Директорлар кеңесінің отырыс барысында дауыс сандары тең түскен жағдайда директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

10.10.5. Директорлар кеңесі өздерінің жабық отырысына тек директорлар кеңесінің мүшелерін қатыстыруға шешім қабылдауға құқылы.

10.10.6. Директорлар кеңесінің отырысында қаралмақ болған мәселелер бойынша шешім қабылдау сырттай дауысқа салу арқылы да қабылдануы мүмкін.





10.10.7. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша ресімделуге міндетті және бұл шешімді қабылдау үшін жеткілікті дауыс санын берген директорлар кеңесі мүшелерінің қолымен расталған жағдайда ғана дұрыс деп саналады.

10.10.8. Бетпе-бет өткізілген отырыс шешімдері үш күннің ішінде хаттамамен ресімделіп, отырысты басқарған төраға мен отырыс хатшысының қолдарымен расталған хаттамада төмендегідей мәліметтер қамтылуы керек:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен оның орналасқан мекен-жайы;
- 2) отырыс өткізілген мезгіл, уақыт және өткізілген орыны;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) Дауысқа түскен мәселелер және сол бойынша жасалған қорытындылар;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер;

10.10.9. Сырттай дауысқа салу арқылы қабылданған шешімдер, директорлар кеңесі отырыстарының және директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер хаттамалары Қоғамның мұрағатында сақталады.

10.10.10. Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Қоғамның мөрі басылған және Қоғамның өкілетті қызметкерінің қолымен расталған сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдердің хаттамаларын және (немесе) көшірмелерін танысу үшін табыс етуге міндетті.

## 11-БАП. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ.

11.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне алқалы атқарушы органы – Басқарма немесе атқарушы орган қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлға – Басқарма төрағасы басшылық етеді.

11.2. Атқарушы органның түрін таңдау туралы шешім Директорлар кеңесімен қабылданады.

11.3. Алқалы атқарушы органды – Басқарманы сайлау туралы шешім қабылдаған кезде онының мүшелерінің саны 3 (үштен) кем болмауы тиіс.

11.4. Атқарушы орган Қоғам қызметінің Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының күзіретіне жатқызылмаған кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

11.5. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

11.6. Басқарма тарапынан Қоғам өзі белгілеген шектеулер мәміле жасалғанда бұзылғанын анықтаса және мәміле жасасқан сәтте бұндай шектеулердің барлығын біле тұра ескермегенін дәлелдей алған күнде, мәміле шынайылығына таласа алады.

11.7. Акционер емес Қоғам қызметкерлері мен акционерлер де басқарма мүшелері бола алады.

11.8. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда тек директорлар кеңесі келісімін алғанда ғана жұмыс істеуге құқылы. Атқарушы органның басшысы не қоғамның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адам атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.


11.9. Басқарма мүшесінің функциялары, құқығы және міндеттері осы Жарғымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сонымен қатар аталмыш тұлғаның Қоғаммен жасасқан жеке еңбек шартымен айқындалады. Жеке еңбек шартына Қоғам атынан басқарма Төрағасымен бірге директорлар кеңесінің төрағасы немесе жалпы жиналыс не директорлар кеңесі құзырет берген тұлға қол қоя алады. Басқарманың қалған басқа мүшелерінің жеке еңбек шарттары Басқарма Төрағасының қолымен расталады.

11.10. Қоғам басқармасы ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбек ақыларының және сыйақыларының мөлшері мен шартын анықтайды, сонымен қатар өз бетінше еңбектік қарым-қатынасқа кіреді.

### 11.11. Басқарма Төрағасының құзыреті.

Басқарма Төрағасы:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Қоғам атынан үшінші тұлғалармен сенімхатсыз әрекет жасай береді;
- 3) үшінші тұлғалармен Қоғам атынан қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін сенімхат бере алады;
- 4) қоғамның жұмыскерлерінің жұмысқа қабылдауын, ауыстырылуы мен жұмыстан шығаруын жүзеге асырады (бұған осы Заңмен бекітілген жағдайлар кірмейді), оларға марапаттау шараларын қолданып және тәртіпке шақыру шараларын қолданады, қоғамның жұмыскерлерінің лауазымдық еңбекақыларының мөлшерін белгілеп және қоғамның штаттық кестесіне сәйкес еңбекақыларына дербес қосымша тағайындайды, қоғамның жұмыскерлеріне төленетін сыйлықақы мөлшерін белгілейді, бұған атқарушы органның құрамындағы және қоғамның ішкі аудитінің қызметіндегі жұмыскерлер кірмейді;





- 5) өзі болмаған жағдайда өзінің қызметтік міндеттерін атқаруды Басқарманың мүшелерінің біріне тапсырады;
- 6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сонымен қатар құзыреттілік шеңбері мен Басқарма мүшелерінің арасында жауапкершілікті бөліп анықтап береді;
- 7) осы Қоғамның жарғысымен және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған басқа да қызметтік функцияларды жүзеге асырады.
- 11.12. Басқарманың отырыстары қажетіне қарай өткізілетін, бірақ айына 1 (бір) реттен кем болмауы тиіс.
- 11.13. Басқарма тақылауға шығарылған сұрақтардың оның отырысында кем дегенде 2/3 (үштен екіні) құрайтын Басқарма мүшелері қатысқан кезде шешуге құқылы. Шешімдер отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.
- 11.14. Жеке-дара атқарушы органды – Басқарма төрағасын сайлаған кезде ол оның құзіретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдерді жеке-дара қабылдайды.
- 11.15. Атқарушы орган жыл сайын Жалпы жиналыс алдында өз қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.
- 11.16. Өз қызметін атқарған кезде Басқарма мүшесі (Басқарма Төрағасы) Қоғамның мүддесіне адал және парасатты әрекет етуі тиіс.

## **12-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ.**

12.1. қоғамның қаржылық-шаруашылық әрекеттерін қадағалауды жүзеге асыру мақсатында аудиттің ішкі қызметі ұйымдастырылуы мүмкін.

12.2. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органдар құрамына сайлана алмайды.

12.3. Ішкі аудит қызметі директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және оның алдында атқарған жұмысына есеп береді.

### **12.4. Қоғамның лауазымды тұлғаларының әрекет ету принциптері.**

Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді тиянақты атқарады және Қоғам мен акционерлердің мүддесін неғұрлым басым дәрежеде айқындайтын әдістерді қолданады;

2) Қоғамның Жарғысына, акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы Қоғамның мүлкін жеке басына пайдалануға немесе біреулердің пайдалануына жол бермеуі және аффилирленген тұлғалармен мәміле жасағанда өзінің билік пұрсатын пайдаланбауы керек;

3) тәуелсіз аудитті қоса бухгалтерлік есеп және қаржылық есептеме жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашықтығын және оның қол жеткізілімдігін бақылайды;

5) егер қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) жылдың ішінде сақтауға тиіс.

### **12.5. Қоғамның лауазымды тұлғаларының жауапкершіліктері.**

12.5.1. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде:

1) қателесуге әкеліп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат берудің;

2) осы Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзудың нәтижесінде келтірілген зиян үшін қоғам мен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

12.5.2. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде олардың қоғамға келтірген зиянын не залалын лауазымды тұлғаға өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

12.5.3. Қоғамның не акционердің залалға ұшырауына әкеп соқтырған қоғамның органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда қоғамның лауазымды тұлғалары жауапкершіліктен босатылады.

## **13 -БАП. ҚОҒАМНЫҢ АФИЛИИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ.**

13.1. Қоғамның аффилирленген тұлғасы болып мыналар табылады:

1) ірі акционер;

2) заңды тұлға жақын туыстық қарым-қатынастағы ( ата-ана, аға-іні, апа-қарындас, ұл, қыз), некелегі және сондай-ақ жегжаттық сүйекжақындықтағы (жұбайының аға-інісі, апа-әпкесі, ата-анасы, ұлы





немесе қызы) қоғамның тәуелсіз директорын қоспағанда, ірі акционер немесе не лауазымды тұлға болып табылатын жеке тұлғамен туысатын болса;

3) қоғамның тәуелсіз директорын қоспағанда, осы тармақтың 1), 4), - 9) тармақтарында көрсетілген қоғамның лауазымды тұлғасы немесе заңды тұлға;

4) қоғамның лауазымды тұлғасы немесе ірі акционер болып табылатын тұлғаның қарамағындағы заңды тұлға;

5) Қоғамның лауазымды тұлғасы немесе ірі акционері болып табылатын заңды тұлға ірі акционер болып немесе мүлік үлесінің белгілі бір мөлшеріне құқылы болған жағдайда;

6) заңды тұлғаға қоғам ірі акционер болып келсе немесе мүлкінің белгілі бір бөлшегіне құқылы болса;

7) қоғаммен бірігіп үшінші бір тұлғаның бақылауында тұрған заңды тұлға;

8) қоғам қабылдайтын шешімдерді анықтауға құқылы және қоғаммен келісім шартта тұрған тұлға;

9) осы пункттің 1),4)-8) тармақтарында көрсетілген заңды тұлғалар жеке қоғамның дауысқа түсуші акцияларының он және одан да көп пайызына ие болып, пайдаланатын және билей алатын тұлға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын тұлға.

13.2. Қоғам немесе басқа заңды тұлға қабылдаған шешімдерді айқындауға немесе Қоғамды бақылауға бар мүмкіншілік:

### **13.3. Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен жасалатын мәмілелердің ерекшеліктері.**

13.3.1. Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен жасалатын мәмілелердің ерекшеліктері осы Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық кесімдермен бекітіледі.

13.3.2. Қоғамның аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен мәміле жасасқанда Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен және осы Заңмен бекітілген мәміле жасасу ережелері сақталмаған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот бұл мәмілені заңсыз деп табуға негіз болады.

13.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен бекітілген тәртіптерін біле тұра аффилиирленген тұлғалармен мәміле жасасқанда бұзып, жауапкершіліктен бас тарту үшін немесе жеке бас пайдасын көздеп жасалған мәмілені заңсыз деп табылуын талап етуге құқығы жоқ.

### **13.4. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді жария ету.**

13.4.1. Аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияға жатпайды.

13.4.2. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларына (тек құзыретті орган бекіткен тәртіп бойынша ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты) қоғам тіркеушісі немесе солардың өкілдері берген мәліметтер негізінде есеп жүргізіп отыруға міндетті.

13.4.3. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті қоғамға табыс етуге міндетті.

13.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасы бекіткен тәртіп бойынша Қоғам құзыретті органдарға аффилиирленген тұлғалардың тізімін беріп отыруға міндетті.

## **14-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАСАУ ҮШІН ЕРЕКШЕ ШАРТТАР БЕЛГІЛЕНГЕН МӘМІЛЕЛЕРІ.**

### **14.1. Ірі мәмілелер.**

14.1.1. Ірі мәмілелер:

1) қоғам активтерінің бірге алғанда жалпы құнының 25 (жиырма бес) немесе одан да көп пайызын құрайтын мүлік сатылып алынып немесе иеліктен шығарылатын мәмілелер немесе өзара байланыстағы мәмілелер жиынтығы (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін болса);

2) қоғам активтерінің бірге алынғандағы жалпы құнының 25 (жиырма бес) немесе одан да көп пайызын құрайтын өзара байланыстағы мәмілелермен орналастырылған бағалы қағаздар немесе қоғамның сатылған немесе орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздардың сауда-саттық мәмілелері;

3) ірі мәміле болып табылатын қоғам жарғысымен бекітілген басқа да мәмілелер;

14.1.2. Өзара байланыстағы болып саналатындар:

1) бір тұлғаның жалғыз немесе өзара аффилиирленген тобымен жасасқан мүлікті сатып алып немесе иеліктен шығарған бірнеше мәмілелер;

2) өзара байланыстағы бір немесе бірнеше келісім негізінде ресімделген мәмілелер;

3) акционерлердің жалпы жиналысының шешімі немесе жарғысымен өзара байланыстағы деп табылатын басқа да түрлі мәмілелер.

### **14.2. Ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүлік құны.**

14.2.1. Ірі мәміле нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық бағасы Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамалық кесімдерге сәйкес анықталады.





14.2.2. Егерде бағасын анықтау қажет мүлік болып бағалы қағаздар рыногында айналымға түсіп жүрген бағалы қағаздар болса, онда олардың нарықтық құнын айқындаған жағдайда бұндай рынокта қалыптасқан бағалы қағаздардың мәмілелік құны, сұраныс пен ұсыныс құндары ескеріледі. Егер нарықтық құнын айқындауға жататын мүлік болып Қоғамның өзінің акциялары болса, онда олардың нарықтық бағасын шығарғанда Қоғамның меншігіндегі капитал мөлшері, Қоғамның келешектегі даму жоспарына сәйкес болашақ өзгерістері және нарықтық бағаны айқындайтын тұлға маңызды деп шешкен басқа да факторларды ескереді.

#### **14.3. Қоғамның ірі мәміле жасасуы.**

14.3.1. Қоғамның ірі мәміле жасау туралы шешімін директорлар кеңесі қабылдайды.

14.3.2. Қоғамның ірі мәміле жасасқаны туралы кредиторлар мен акционерлерді хабарландыру мақсатында шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күннен кешіктірмей мемлекеттік және бақса да тілдерде бұқаралық ақпарат беттерінде жарыққа шығаруы керек.

14.3.3. Акционерлердің жалпы жиналысында қоғам Жарғысымен бекітілген тізімдемедегі ірі мәмілелер түрлерін жасау және оларды жасау тәртібі қабылданады.

14.3.4. Ірі мәміле жасасқан туралы шешіммен келіспеген жағдайда заңмен және қоғамның жарғысымен бекітілген тәртіп бойынша акционер заңның тәртібіне сәйкес қоғамнан өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

#### **14.4. Қоғамның мәміле жасасуға мүдделілігі.**

14.4.1. Қоғамның аффилирленген тұлғалары (бұдан әрі - мүдделі тұлғалар) қоғамның мәміле жасасуға мүдделі тұлғалары болып табылады, егер:

- 1) мәміле тарапы болып немесе оған өкіл немесе делдал болып қатысса;
- 2) мәміле тарапы немесе оған өкіл не делдал заңды тұлғаның аффилирленген тұлғасы болса;

14.4.2. жасасатын мәмілеге қоғамның мүдделілігі болса ол мәміле болып табылмайды:

- 1) қоғамның бағалы қағаздарын немесе акцияларын акционердің сатып алуы, сонымен қатар орналастырылған өз акцияларын сатып алуына қатысты мәмілелер;
- 2) банктік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелер қабылдау бойынша мәмілелер;
- 3) Заңға сәйкес қоғамның қайта құру жұмыстарын жүзеге асыру;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің аффилирленген тұлғалармен қоғамның жасасқан мәмілелері;

#### **14.5. Қоғамның мәміле жасасуына мүдделілік туралы ақпарат.**

14.5.1. Осы баптың 14.4.1 тармағында көрсетілген тұлғалар директорлар кеңесіне төмендегі мәліметтерді табыс етуге міндетті:

- 1) мәміле жасасушының тарапы болып табылатынын немесе мәмілеге өкіл не делдал болып қатысқандығы туралы;
- 2) өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы, оның ішінде өздері 10 (он) және одан да көп дауысқа түсуге пәрменді акциялардың пайыз үлесіне ие болған заңды тұлғалар туралы, және өздері лауазымдық қызмет атқаратын салалардың заңды тұлғалар туралы;
- 3) өздері мүдделілік танытуы мүмкін көпшілікке мәлім жасасып жатқан немесе жасалуы болжанып отырған мәмілелер туралы.

#### **14.6. Жасалуында мүдделілік бар мәмілеге қойылатын талаптар ережелері.**

14.6.1. Жасалуында мүдделілік бар мәмілені жасасуға қоғамның қабылдаған шешімі оның жасалуына мүдделі емес директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының қарапайым басым көпшілігімен қабылданады.

14.6.2. Жасалуында мүдделілік бар мәмілені жасасуға қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының дауыс көпшілігімен шешім мынадай жағдайда қабылданады:

- 1) егер қоғамның директорлар кеңесінің барлық мүшесі мүдделі болып табылған жағдайда;
- 2) шешім қабылдау үшін қажет дауыс санының жетіспеген жағдайында директорлар кеңесі бұндай мәміле жасасуға шешім қабылдауының мүмкіншілігінің жоқтығы.

14.6.3. Егерде жасалуында мүдделілік бар шешімді дауысқа түсетін акциялар акционерлердің жай дауыс үлесінің басым көпшілігімен қабылданған болса, егер жай акцияларына ие қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері және мүдделі тұлғалар болып табылатын акционерлер Негізделген шешім қабылдауға қажет ақпарат акционерлердің жалпы жиналысына (құжаттарын қосып) табыс етіледі.

#### **14.7. Қоғамның мәміле жасасқанда ерекше жағдай белгіленген мәмілелерінің салдарлары.**

14.7.1. Жасалуында мүдделілік бар ірі және басқа да мәмілелер жасасқанда осы Жарғыда көзделген талаптар орындалмаса, мүдделі тұлғалардың талаптары бойынша сот арқылы заңсыз табылдың

14.7.2. Мәміле жасасқанда осы жарғының мәміле жасасуға қойылатын талаптарын орындамаған мәмілегер Қоғам алдында Қоғамға келтірген зиян көлемінде жауапкершілікке тартылады. Егерде





Жарғы талаптары бұзылған мәмілені бірнеше тұлға бірігіп жасасқан жағдайда олардың Қоғам алдындағы жауапкершілігі ортақ болады.

14.7.3. Қоғамның осы жарғысымен бекітілген талаптарды біле тұра ірі мәмілелерді бұзып жасасқан жағдайда, жауапкершіліктен бас тарту мақсатында немесе басқадай жеке бас пайдасын көздеуден туындаса, ондай тұлға мәмілені заңсыз деп мойындауды талап етуге құқығы жоқ.

## **15-БАП. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ АУДИТІ.**

### **15.1. Қоғамның қаржылық есебі.**

15.1.1. Қоғамның бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті құрастыруды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.

### **15.2. Қоғамның жылдық қаржылық есебі.**

15.2.1. Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылдың қаржылық есебін атқарушы орган жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына оны бекіту және талқылау үшін аудит ұсынады. Атқарушы орган қаржылық есептіліктен басқа жалпы жиналысқа аудиторлық есеп ұсынады.

15.2.2. Жылдық қаржылық есептілік акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізуге дейін отыз күннен кешіктірілмей директорлар кеңесінде алдын-ала бекітілуі тиіс.

15.2.3. Қоғамның жылдық қаржылық есебінің қорытынды бекітілуі акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүзеге асырылады.

15.2.4. Құзыретті органның бекіткен мерзімінде Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында капиталдың қорында болып жатқан бүкіл өзгерістерді ашатын жылдық бухгалтерлік балансты, есепті, ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті және кіріс пен шығыс туралы есепті жариялап отыруға міндетті.

### **15.3. Қоғам аудиті.**

15.3.1. Қоғам жылдық қаржылық есептің аудитін өткізіп отыруға міндетті.

15.3.2. Қоғамның аудиті директорлар кеңесінің, атқарушы органның сұрауымен қоғамның есебінен немесе ірі акционердің есебінен акционердің талабы бойынша, ірі акционердің аудиторлық ұйымды өзі белгілеу құқығын сактай отырып жүргізілуі мүмкін. Аудит ірі акционердің талабы бойынша жүргізіліп отырған жағдайда Қоғам аудиторлық ұйымның сұратып отырған барлық қажет дерлік құжаттаманы беруге міндетті.

15.3.3. Егер Қоғамның атқарушы органы Қоғамға аудит жүргізуден қашқақтаған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша аудит сот шешімімен белгіленуі мүмкін.

## **16-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ.**

### **16.1. Қоғамның ақпаратты жария етуі.**

16.1.1. Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты өзінің акционерлеріне жеткізіп отыруға міндетті.

16.1.2. Қоғамның акционерлерінің мүдделеріне қатысты ақпарат болып мыналар мойындалады:

1) акционерлердің жалпы жиналысында және директорлар кеңесінде қабылданған шешімдер және сол шешімдердің орындалғандығы туралы ақпараттар.

2) Қоғамның акция және басқа бағалы қағаздарын шығару және Қоғамның құзыретті органының бағалы қағаздардың орналасуы туралы қорытынды есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарының өтелуі жөніндегі қорытынды есептерін бекіту, Қоғамның бағалы қағаздарын құзыретті органның жоюы.

3) Қоғамның ірі мәмілелер және Қоғам мүдделі мәмілелер жасасуы.

4) қоғамның меншікті капиталының 25 (жиырма бес) және одан да көп пайыз көлемін құрайтын мөлшерде несие алу.

5) қандай да болмасын қызмет түрлерін көрсету мақсатында Қоғамның лицензия алуы, қандай да болмасын қызмет түрлерін көрсету мақсатында бұрын алынған лицензиялардың қызметін тоқтата тұру немесе доғару;

6) заңды тұлға қалыптастыруға Қоғамның қатысуы;

7) Қоғамның мүлкін тәркілеу;

8) Қоғамның жалпы активтер мөлшерін 10 (он) немесе одан да көп пайызын құрайтын баланстық құнына тең Қоғам мүлкі жойылып кеткен төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алғаны туралы;

9) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) Қоғамды мәжбүрлі қайта құру туралы шешім;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өзге ақпарат.





16.1.3. Қоғам осы баптың 15.1.2. тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), и 9) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты корпоративтік веб-сайтқа орналастыруға міндетті.

16.1.4. Акционерлердің мүдделерін қозғайтын Қоғам қызметі туралы ақпаратты беру осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

#### **16.2. Қоғам құжаттары.**

16.2.1. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттары оның қызмет атқарған мерзімі бойы Қоғамның атқарушы органының орналасқан орынында сақталуы керек.

16.2.3. Сақталуға төмендегі құжаттар жатады:

- 1) Қоғамның жарғысы, Қоғамның жарғысына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
- 2) құрылтайшы жиналыстардың хаттамалары;
- 3) заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуден (жаңадан тіркелгендігі) өткендігі туралы куәлігі;
- 4) Қоғамның статистикалық карточкасы;
- 5) Қоғамның белгілі қызмет түрлерімен айналысуға берілген немесе белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруға берілген лицензиялар;
- 6) Қоғамның балансындағы (балансында бұрын болған) мүліктің Қоғам меншігіне жататындығын айқындайтын құқықтық құжаттар;
- 7) Қоғамның шығаратын бағалы қағаздарының проспектілері;
- 8) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару құқығын мемлекеттік тіркеуден өткізілгендігін, бағалы қағаздарды жоққа шығару, сонымен қатар қоғамның бағалы қағаздарының орналастырылуы және жойылуы туралы құзыретті органдарға өткізілген қорытынды есептер;
- 9) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- 10) акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жинақталған материалдар;
- 11) акционерлердің жалпы жиналыс өткізу үшін табысталатын акционерлер тізімі;
- 12) директорлар кеңесінің (сырттай отырыстарының шешімдерінің) хаттамалары, директорлар кеңесінің күн тәртібіне енгізілген мәселелердің материалдары;
- 13) атқарушы органның отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары;
- 14) Корпоративтік басқару кодексі.

Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есебі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

16.2.4. Акционердің талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Жарғыда көзделгендей Қоғам жарғысына сәйкес қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалған құпия ақпараттардан тыс құжат көшірмелерін табыс етуге міндетті.

16.2.5. Құжаттардың көшірмесін дайындап табыстағаны үшін ақы мөлшері акционерге құжат жеткізілген ақидан аспайтын мөлшерде төлеуді қоғам бекітеді.

16.2.6. Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат қамтылған бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар оның талабы бойынша танысу үшін акционерге берілуге тиіс.

### **17-БАП. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ.**

17.1. Қоғамға қатысты бүкіл даулар Акционерлер арасындағы, Басқарманың мүшелерінің арасындағы және басқа да Қоғамның сайланбалы тұлғаларының арасындағы даулар дауласышылардың ықтиярлы бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен немесе сот шешімімен шешіледі.

17.2. Қоғам мен заңды және жеке тұлғалар арасында туындаған дауларды келіссөз арқылы шешілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот арқылы қаралады.

### **18-БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ.**

#### **18.1. Қоғамды қайта құру.**

18.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде бекітілгендей қайта құрылу (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, түрлену) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес түрлі ерекшеліктерді ескеріп отырып жүзеге асырылады.

18.1.2. Бөліну немесе бөлініп шығу арқылы Қоғам қайта құрылып жатқанда қайта құрылып жатқан қоғамның кредиторлары осы қоғам қарыз болса, міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуын талап етіп, зиянды өтетуге құқылы.





18.1.3. Егер қоғам қайта құрылу барысында өзінің қызметтік әрекеттерін тоқтататын болса, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша оның акциялар шығарылымы жойылуға тиіс.

## **18.2. Қоғамдардың қосылуы.**

18.2.1. Мүлікті, құқықтарды және міндеттерді, бірігу, екі немесе бірнеше қоғамдардың қызметін тоқтату туралы келісімдер негізінде жасаған жағдайда қоғамдардың бірігу нәтижесінде жаңа қоғам пайда болды деп есептеледі.

18.2.2. Қоғамдардың бірігу нәтижесінде құралған жарғылық капитал қайта құрылып жатқан қоғамдардың меншікті капиталының қосындысына тең;

18.2.3. Жаңадан құрылған қоғамның акциялары қайта құрылған қоғамдардың акционерлерінің арасында төмендегі тәртіппен орналастырылады:

1) қайтадан құрылған қоғамның акционерлерінің арасында орналастырылып жатқан акциялар саны осы қоғамдардың меншікті капиталдарының арақатынастылығын ескеріп айқындалады;

2) әрбір қайта құрылатын қоғамдар арасында бөліске түскен акциялар саны осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалған әрбір қайта құрылатын қоғам акционерлерінің арасында қайта құрылатын қоғамның олар ие болған акцияларының саны (сатып алған акцияларды есептемегенде) орналастырылған акциялар санына тепе-тең түрде орналастырылуы керек;

18.2.4. Директорлар кеңесі әрбір қайта құрылып жатқан қоғамдардың акционерлерінің жалпы жиналысына бірігу нысанда қайта құрылу туралы, соның нәтижесінде пайда болған қоғамның шығаратын акцияларын мемлекеттік тіркеуден өткізу, оларды орналастыру тәртіптері туралы мәселені талқыға ұсынады.

18.2.5. Қайта құрылып жатқан қоғамдардың бірігуі туралы шешімдер акционерлердің жалпы жиналысында әрбір жеке қоғамның акционерлерінің білікті дауысының басым көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының бұл шешімдері мынадай ережелерді қамтуы керек:

1) әрбір қайта құрылып жатқан қоғамдардың атауы, орналасқан орыны, акцияларының орналасу тәртібі және басқа да бірігу шарттары көрсетілген келісімнің бекітілуі;

2) бірігу нәтижесінде пайда болған қоғамның акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізу туралы.

18.2.6. Бірігу туралы келісімге қайта құрылған қоғамдардың барлық акционерлері қолдарын қоюға міндетті. Табыстау кесіміне қайта құрылып жатқан қоғамдардың атқарушы органдарының басшылары және бас есепшілері қолдарын қойып, қоғамның мөрімен растауы керек.

18.2.7. Қайта құрылып жатқан қоғамдар өзінің барлық кредиторларына қайта құрылып жатқандығы туралы жазбаша түрде хабарландыру жіберіп, тиісті хабарландыруларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы керек. Хабарландырумен қоса табыстау кесімі қоса беріледі.

## **18.3. Қоғамның қосылуы.**

18.3.1. Қоғамның екінші қоғаммен қосылуы болып қосылатын қоғамның қызметінің қосылу туралы келісімі негізінде табыстау кесіміне сәйкес бүкіл мүлікті, құқықты және міндеттемелерді өткізу болып танылады.

18.3.2. Өзіне қосылу әрекеті жүргізіліп жатқан қоғам қосылып жатқан қоғамның акцияларын Жарғыда көзделген 18.3.4. пунктіне сәйкес қосылып жатқан қоғамның акцияларының сатылым бағасына тепе-тең ара қатынастықта орналастыру (сату) арқылы иемденеді.

18.3.3. Жаңадан қосылып жатқан қоғамның барлық акцияларын сатып алғаннан кейін ол акциялар жойылады, ал мүлкі, құқықтары және міндеттемелері қосып алып отырған қоғамға атқарушы органның басшысының және бас есепшісінің қолдары қойылғаннан кейін және қоғамдардың мөрлерімен расталғаннан кейін қосып алып жатқан қоғамға табыстау кесімі бойынша өткізіледі.

18.3.4. Қосылатын қоғамның акцияларының сату бағалары қосылып жатқан қоғамның меншік капиталының орналастырылған (қоғамның сатып алған акцияларынан тыс) акцияларының арақатынастылығынан анықталады. Қосылу әрекеті жүріп жатқан қоғамның акцияларының орналастыру (сату) бағалары қоғамның меншікті капиталының қосып алып жатқан қоғамның орналастырған (қоғам сатып алған акциялардан тыс) акциялар санының арақатынастығынан шығарылып анықталады.

18.3.5. Қосылатын қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының талқысына қосылу формасында қайта құрылып жатқандығын, қосылу тәртіптерін, мерзімін және қосылып отырған қоғамның акцияларының сату бағалары туралы мәселелерді шығарады.

Қосып алып жатқан қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының талқысына қосылу формасында өзіне басқа қоғамның қосылатындығын, қосылу тәртіптерін, мерзімін және қосу тәртібін, мерзімін және акциялардың орналастыру (сату) бағаларын шығарады.





18.3.6. Қосылу туралы шешім қоғамның акционерлерінің біріккен жалпы жиналысында талқыланып, қосылып жатқан және қосып алып отырған қоғамдардың бас басына бөлек акционерлерінің білікті дауыс көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің біріккен жалпы жиналысын қосып өткізу туралы шешім қосылмақ ниеттегі қоғамдардың толық атауын, қосылып жатқан қоғамның акцияларының сату бағасын, қосып алып жатқан қоғамның акцияларының орналастыру (сату) бағаларын және тағы да басқа қосылу әрекетінің шарттары мен тәртіптерін қамтуы керек.

18.3.7. Қосылатын қоғам, сонымен қатар қосылып жатқан қоғам қосылу формасы арқылы жүзеге асырылып жатқан қайта құрылым туралы өздерінің кредиторларына жазбаша түрде хабарландыру жолдап және керекті хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы керек. Хабарландыруға табыстау кесімі, сонымен қатар қосып алып жатқан қоғамның атауы мен орналасқан орыны қоса атап көрсетілуі керек.

#### **18.4. Қоғамның бөлінуі.**

18.4.1. Қоғамның бөлінуі болып қоғамның бүкіл мүлкінің, құқықтарының және міндеттемелері мен қызметтік әрекетінің тоқтатылуы саналады. Оның ішінде бөлінетін қоғамның құқықтары мен міндеттемелері бөліну баланстарына сәйкес жаңадан құрылып жатқан қоғамға ауысады. Бөліну нәтижесінде пайда болған акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталы бөлініп жатқан қоғамның меншік капиталына тең болуы керек.

18.4.2. Бөліну нәтижесінде пайда болған әрбір қоғамның акционерлері болып қайта құрылған қоғамның акционерлері есептеледі. Бөліну нәтижесінде пайда болған қоғамның акциялары осы қоғамдардың акционерлерінің арасында, қайта құрылып жатқан қоғамдардың акциялар саны қайта құрылып жатқан қоғамның орналастырылған (сатылып алынған акцияларды есептемегенде) акцияларымен тепе-тең ара қатынаста болуы керек.

18.4.3. Акционерлердің жиналысына қайта құрылып жатқан қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің жалпы жиналыс талқысына бөліну формасында қайта құру мәселелерін, бөлінудің тәртіптері мен бөліну шарттарын және бөліну балансын бекітуді ұсынады.

18.4.4. Қайта құрылып жатқан қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы бөліну формасында қайта құрылу туралы, тәртіптері мен бөлін шарттары және бөліну баланстарын бекіту тралы шешім қабылдайды.

18.4.5. Акционерлердің жалпы жиналысында бөліну туралы шешім қабылданғаннан соң екі ай мерзімі ішінде бөлінгені жайында барлық кредиторларына жазбаша түрде хабарландыру жолдап және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы керек. Хабарландырумен қоса бөліну балансы да берілуі керек.

#### **18.5. Қоғамның құрамынан бөлініп шығу.**

18.5.1. Қоғамның құрамынан бөлініп шығу болып бөліну балансына сәйкес бөлініп жатқан қоғамдық мүліктің бөлік үлесінің және құқықтары мен міндеттерінің бір немесе бірнеше қоғамдарға өз қызметін тоқтатпастан бөлініп шығуы Қоғамның құрамынан бөлініп шыққан кезде қайта құрылып жатқан қоғамның жарғылық капиталы кемімеуі керек. Қайта құрылып жатқан қоғам бөлініп шыққан қоғамдарды заң органдарының тіркеуінен өткізу шараларын жүзеге асырады.


18.5.2. Бөлініп шыққан қоғамның бірден жалғыз құрылтайшысы болып қайта құрылып жатқан қоғам саналады. Бөлініп шыққан қоғамның жарғылық капиталы қайта құрылып жатқан қоғам өткізген активтер мен міндеттемелердің баланстық айырмашылығына сәйкес тең.

18.5.3. Қайта құрылып жатқан қоғам бөлініп шыққан қоғамның акцияларын тек өз акционерлерінің арасында ғана орналастырады (сатады), оның ішінде төлем сапасы ретінде қайта құрылып жатқан қоғамның акциялары айналымға түседі. Бөлініп шыққан қоғамға берілетін акциялар саны қайта құрылып жатқан және бөлініп шығып жатқан қоғамдардың акцияларының теңгерімдік құнының қатынасымен айқындалады.

18.5.4. Қайта құрылып жатқан қоғамның директорлар кеңесі қоғамды бөліп шығару формасында қайта құру, бөлініп шыққан қоғамның акцияларын орналастыру (сату) бағалары, бөлініп шығу тәртіптері мен шарттары туралы мәселелерді, сонымен қатар айырым балансының жобасын акционерлердің жалпы жиналысының талқысына шығарады.

18.5.5. Қайта құрылып жатқан қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды бөліп шығару формасында қайта құру, бөлініп шыққан қоғамның акцияларын орналастыру (сату) бағалары, бөлініп шығу тәртіптері мен шарттары туралы мәселелерді, сонымен қатар айырым балансының жобасын бекіту туралы шешім қабылдайды.

18.5.6. Акционерлердің жалпы жиналысында қоғам бөліп шығару туралы өзінің шешімі шыққаннан кейін екі ай ішінде кредиторларға бөлініп шығу формасында қайта құрылатыны тралы жазбаша түрде хабарландыру жіберіп және бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарландыруды жария етуі керек. Хабарландыруға қоса айырым теңгерімі, сонымен қатар бөлініп шыққан әрбір қоғамның атаулары, орналасқан орны туралы мәліметтерді берулері керек.





## **18.6. Қоғамның түрленуі**

18.6.1. Қоғам шаруашылық серіктестікке немесе өндірістік кооперативке түрленіп отырған Қоғамның барлық құқықтары мен міндеттемелерін табыстау кесімдеріне сәйкес өзіне аударып түрленуіне құқылы.

18.6.2. Түрленіп жатқан қоғамның директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының талқысына қоғамның түрленуі, түрленуді жүзеге асыратын тәртіп пен жүзеге асыру шаралары, шаруашылық серіктестіктердің үлесін бөлісу немесе өндірістік кооперативтердің пай үлестері туралы мәселелерді Шаруашылық серіктестіктің қатысу үлесі мен өндірістік кооператив мүшесінің пай үлесі осы қатысушының түрленіп жатқан қоғамдағы тиесілі акцияларының санына және қоғамның орналастырылған (сатылып алынған акциялардан тыс) акциялардың жалпы санына тепе-тең болып айқындалады.

18.6.3. Түрленіп отырған қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамның түрленуі, түрленуді жүзеге асырушы тәртіптер мен шарттарды, шаруашылық серіктестігінің қатысу үлесі мен өндірістік кооператив мүшелерінің пай үлесін айқындау туралы шешім шығарып, табыстау кесімдерін бекітеді.

18.6.4. Түрлену барысында пайда болып жатқан жаңа заңды тұлғалар өздерінің біріккен отырыстарында Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес құрылтайшы құжаттары мен органдарын сайлау туралы шешім қабылдайды.

18.6.5. Қоғамның қайта түрленіп жатқан барысында шаруашылық серіктестіктің мүшесінің өзіне тиесілі жарғылық капиталдан үлесі (өндірістік кооперативтегі пай үлесі) қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы санының пайыздық қатынасымен анықталады.

Акциялар шығарылымының күші жойылған күні қоғамның тіркеушісі жасаған акционерлер тізіміне енгізілген тұлғалар акционерлік қоғамнан қайта құрылған жаңа заңды тұлғаның қатысушылары болады.

## **18.7. Қоғамды күшпен қайта құру туралы соттың шешімін орындамаған жағдайда туындайтын салдарлар.**

18.7.1. Егер бөліп шығару немесе бөліну формасында қоғамды күшпен қайта құру туралы соттың шешімін қоғамның құзыретті органдары шешімде көрсетілген мерзім ішінде жүзеге асырмаса, сот біліктілік талаптарға жауап беретін сенімді басқарушыны тағайындап, оған бөліп шығару немесе бөліну формасында қоғамды қайта құруды жүзеге асыруды тапсырады.

18.7.2. Осы Жарғының 17.4 және 17.5 баптарында көзделгендей, қайта құру шарттарын анықтау акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің құзыреті тағайындалғаннан сәттен бастап сенімді басқарушы құзыретіне көшеді.

18.7.3. Қоғам атынан әрекет жасайтын сенімді басқарушы айырым балансын жасайды және жалпы жиналыста бекітілген Қоғамның бөліп шығару немесе бөліну барысында пайда болған құрылтайшы құжаттарымен қоса толарды соттың қарауына тапсырады. Қоғамның қайта құру негізінде пайда болған тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

## **18.8. Қоғамның таратылуы.**

18.8.1. Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес Қоғамның өз еркімен таратылуы туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында кредиторлардың келісімімен және солардың бақылауымен жүргізілетін тарату рәсімдерін анықтайды.

18.8.2. Қоғамның күшпен таратылуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделгендей қажет болған жағдайда сот жүзеге асырады.

18.8.3. Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде басқадай жағдайлар қарастырылмаған болса мүдделі тұлғалар соттан Қоғамды тарату туралы талап ете алады.

18.8.4. Сот немесе жалпы жиналыстың Қоғамды тарату туралы шешімі бойынша тарату комиссиясы тағайындалады. Тағайындалған тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы тізімдемеде айқындалғандай Қоғамның таратылып жатқан кезеңінде заң шеңберінде Қоғамды басқарып және басқа да әрекет жасау құзыретіне ие болады. Қоғам өз еркімен таратылып жатса тарату комиссиясының құрамына қоғамның кредиторларының өкілдері, ірі акционерлер өкілдері, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес басқа да тұлғалар енгізілуі міндетті.

18.8.5. Қоғамның таратылу рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

18.8.6. Қоғам таратылатын болған жағдайда оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша жойылуға жатады.

## **18.9. Таратылған Қоғамның мүлкін акционерлер арасында бөліп үлестіру.**

18.9.1. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылып болғаннан кейін таратылған қоғамның қалған мүлкі тарату комиссиясының шешімімен акционерлердің арасында төмендегі тәртіппен бөлініп үлестіріледі:





- 1) бірінші кезекте – осы Заңға сәйкес сатылып алынуға жататын акциялар бойынша төлемдер;
- 2) екінші кезекте – ерекше пұрсатты акциялар бойынша есептеліп және төлемі өтелмеген акциялардың дивидендтері
- 3) үшінші кезекте – жай акциялар бойынша есептеліп және жай акциялар бойынша төлемі өтелмеген дивидендтер.

18.9.2. Қалған мүлік акцияға ие акционерлердің арасында оларға тиесілі акциялардың санына сәйкес тепе-тең түрде бөлініп үлестіріледі.

18.9.3. Әрбір кезектің талаптары алдағы кезектегі талаптар толығымен қанағаттандырылған соң ғана қанағаттандырылуға жатады;

18.9.4. Егер таратылып жатқан Қоғамның мүлік көлемі есептелген, бірақ төленбей қалған дивидендтерді төлеуге, ерекше пұрсатты акциялардың құнын өтеуге жетпейтін болған жағдайда аталмыш мүлік толығымен алашақ акционерлердің иелігіндегі акциялар санына тепе-тең қатынастықта бөлініп үлестіріледі.

## 19-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

19.1. Егерде осы Жарғының ережелерінің бірі заңсыз болып табылған болса, онда бұл жағдай қалған басқа ережелерге қатысты бола алмайды. Заңсыз деп табылған ереже құқықтық тарапынан мағынасы жақын және ауыстыруға келетін басқа ережемен алмастырылады.

19.2. Осы Жарғыда реттелмеген қызметтік әрекеттер мәселелері Заңмен реттеледі.

19.3. Акционер өзінің мекен – жайы өзгерген жағдайда, кешіктірмей жазбаша түрде Қоғамға хабарлауға міндетті. Қоғамның құжаттарында көрсетілген бұрынғы мекен – жайға жолданған корреспонденция, сонымен қатар міндетті түрде табыс етілуге тиісті мәлімдемелер акционердің мекен-жайының өзгергені туралы уақытында хабарланбаса, дұрыс жөнелтілген болып есептеледі

19.4. Осы Жарғыдағы әртүрлі баптардың, тармақтардың және тармақшалардың атаулары осы Жарғының шарттарын немесе ережелерін шектемей және ережелерін айқындамай қолайлы болу үшін пайдаланылған.

«KazFoodProducts» ЖШС атынан  
Бас директор Талгатбек Алихан Қайратбекулы

*Талгатбек Алихан Қайратбекулы*



**КЕЛЕСІ БЕТТІ  
ҚАРАҢЫЗ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ҚАРАСАЙ АУДАНЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫНДА  
**ТЕКСЕРІЛДІ**



УТВЕРЖДЕН  
Решением  
единственного учредителя  
от «18» марта 2010 года

# УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «АзияАгроФуд»

## СТАТЬЯ 2. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

1.1. Цель деятельности Общества заключается в осуществлении хозяйственной деятельности в сфере агропродовольственного комплекса Республики Казахстан.

1.2. Виды деятельности Общества: производство и реализация сельскохозяйственной продукции, переработка сельскохозяйственной продукции, торговля сельскохозяйственной продукцией, услуги в агропродовольственной сфере.

## СТАТЬЯ 3. УСТАВНЫЙ КАПИТАЛ ОБЩЕСТВА

3.1. Уставный капитал Общества формируется за счет взносов единственного учредителя.

3.2. Уставный капитал Общества составляет сумму в размере 100 000 000 (сто миллионов) тенге.

## СТАТЬЯ 4. АКЦИИ

4.1. Общество имеет одну категорию акций — обыкновенные акции.

4.2. Акции не являются предметом залога и не подлежат передаче в залог.

4.3. Дивиденды по акциям выплачиваются ежегодно.



## СТАТЬЯ 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.

1.1. Акционерное общество «АзияАгроФуд» (именуемое в дальнейшем – «Акционерное общество», «Общество») является правопреемником ТОО «АзияАгроФуд» и действует на основании Гражданского кодекса Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», других законодательных актов Республики Казахстан и настоящего устава.

1.2. Наименование Акционерного общества:

- на государственном языке: полное наименование - «АзияАгроФуд» Акционерлік қоғамы, сокращенное наименование – «АзияАгроФуд» АҚ;
- на русском языке: полное наименование – Акционерное общество «АзияАгроФуд»; сокращенное наименование – АО «АзияАгроФуд».
- на английском языке: полное наименование – Joint stock company «AsiaAgroFood»; сокращенное наименование – JSC «AsiaAgroFood»

1.3. Место нахождения Акционерного общества и его исполнительного органа (юридический адрес): Республика Казахстан, 040930, Алматинская область, Карасайский район, ст. Шамалган, ул. Заводская, 1.

1.4. Срок деятельности Акционерного общества не ограничен.

## СТАТЬЯ 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА.

2.1. Общество учреждено и осуществляет свою деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

2.2. Обществом признается юридическое лицо, выпускающее акции с целью привлечения средств для осуществления своей деятельности.

2.3. Общество обладает имуществом, обособленным от имущества своих акционеров. Общество не отвечает по обязательствам своих акционеров.

2.4. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

2.5. Акционер Общества не отвечает по его обязательствам и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

## СТАТЬЯ 3. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА.

3.1. **Цели деятельности.** Целью деятельности Общества является извлечение чистого дохода и использование его в интересах Акционеров, для развития производства.

